



# SOZAK UNI

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

sozak\_uni@mail.ru

№82 (9155)

WWW.SOZAK-UNI.KZ

СЕНБІ  
11 қараша, 2023 жыл

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## 15 қараша-Ұлттық валюта күні



### Құттықтау

## Төл теңгеміз-тәуелсіздік жемісі!

### Құрметті қаржы саласының қызметкерлері! Қадірлі ардагерлер!

Сіздерді 15 қараша-Ұлттық валюта күні мерекесімен шын жүректен, ыстық ықыласпен құттықтаймыз!

Кез келген егемен елдің рәмізі болатыны секілді өз валютасының болуы да заңды. Өйткені ұлттық валютаны жариялап, оны айналымға түсіру тәуелсіздіктің басты қадамдарының бірі еді. Ал, теңгенің айналымға түсуі егеменді Қазақстанның қаржылай да тәуелсіз екенін тағы бір жария етуі болатын.

Бүгінде ақша бірліктері мемлекеттің дамуының маңызды рөлін атқарады. Оларсыз мемлекетаралық қатынастарды орнықтыру мүмкін емес, мемлекет ішіндегі қаржы операцияларының бірін де орындай алмайды. Қазақстанның теңгесі 1993 жылы 15 қарашада айналымға енді.

Елдің егемендігін жаңа жар салған аумалы-төкпелі уақытта төл теңгемізді дүниеге әкелу тәуекелді қадам болатын. Мемлекеттегі экономикалық қиындыққа қарамастан, қазақ ұлтының тұңғыш валютасы жарық көрді, тәуелсіз елдің айналымына түсті.

Осынау тарихи іргелі істерде сіздердің де үлестеріңіз бар деп білеміз. Ауданымыздың, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолындағы ерен еңбектеріңіз жемісті болсын!

Айтулы мереке қызметтеріңізге абырой, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақыт пен қуаныш әкелсін!

Ізгі ниетпен:  
**Мұхит ТҰРЫСБЕКОВ,**  
Созақ ауданының әкімі,  
**Ордабек ЖӘМИЕВ,**  
Созақ аудандық мәслихатының төрағасы.

### Баспасөз-2024

## «Созақ үні» оқырмандармен бірге, жазылуға асығыңыздар!

Келер жылы аудан айнасы «Созақ үні» газетінің жарық көргеніне 94 жыл болады. Осынау мерзім ішінде тоқсан бес жылға жуық тарих бар басылым билік пен бұхара арасында алтын көпір қызметін атқаруда.

Ауданның жаңалығынан уақытылы хабардар болып, рухани байлығыңызды байытқыңыз келсе, өңіріміздің сөз жариясы «Созақ үніне» жазылыңыз!

Газеттің шығармашыл ұжымы оқырмандарға қызмет көрсетуге, сіздердің ой-пікірлеріңізді тыңдауға, басылым бетінде жариялауға қай уақытта әзір.

Жазылу индексі: 64450

Редакция арқылы жазылу-2500 теңге

Қазпошта мекемесі арқылы-2662,74 теңге.

Мекемелер үшін-3862,74 теңге.

«Ернұр Пресс» ЖШС арқылы-2730 теңге.

## Ауданымызға облыс басшысы келді

Аптаның сейсенбі күні Түркістан облысының әкімі Дархан Амангелдіұлы Сатыбалды ауданымызда болды. Аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында аудан активімен қысқа жиын өткізді. Онда алдымен 2023 жылдың 5 қарашасында пилоттық режимде өткен әкім сайлауының Созақ ауданы бойынша сайлау қорытындысымен Созақ аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Әбубәкір Сахиұлы таныстырды.

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды халықтың басым дауысымен қайта тағайындалған аудан әкімін аудан активіне қайта таныстырып, жұмысына сәттілік тілеп, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерді жедел шешіп, халықтың әл-ауқатын арттыру бойынша берілген тапсырмалары аясындағы жұмыстарды күшейтуді, инвестициялар тартып, ауданда өндірілетін өнім көлемін арттыру жөнінде бірқатар міндеттер жүктеді.

-Сол себепті, тұрғындар сізге қайта сенім білдіріп, үміт артып отыр. Бұл – екі есе жауапкершілікті арттырады. Ауданда ауылшаруашылығы өнімдерінің көлемін артыру, өңдеу, ауыл шаруашылығы саласының әлеуетін арттыру, шағын және орта бизнесті дамыту, «Ауыл аманаты» бағдарламасын іс жүзінде жүзеге асыру, Созақ ауданын газбен қамтамасыз ету, білім беру мекемелерінде балалар қауіпсіздігін күшейту, ауданға инвестиция тарту, жеке кәсіпкерлерді қолдау, қоғамдық тәртіпті күшейту, жол көлік оқиғаларының алдын алу, санын азайту, басты мәселелердің бірі ауылдар мен елді мекендерді таза ұстау, аудан орталығындағы негізгі көшелерді таза ұстау мәселелерін тиянақты орындауды және аталған тапсырмаларды аудан басшысы аудандық мәслихатпен, мекеме бөлім басшыларымен, жалпы аудан жұртшылығымен бірлесе атқаруды тапсырамын,-деді өңір басшысы.



Ауданның жаңадан сайланған әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков сайлаушылар мен өзін қолдаған аудан жұртшылығына ризашылығын білдіріп, сенім артқандарына алғыс білдірді. Сонымен қатар, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарды аудан жұртшылығымен бірлесе атқаратынын мәлімдеді.

Ауданның жаңадан сайланған әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков сайлаушылар мен өзін қолдаған аудан жұртшылығына ризашылығын білдіріп, сенім артқандарына алғыс білдірді. Сонымен қатар, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарды аудан жұртшылығымен бірлесе атқаратынын мәлімдеді.

## Коллекциялық монеталар айналымға түседі

Таяуда Ұлттық банк «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» монеталар сериясы аясында «Tengege 30 jyl» коллекциялық монеталарын айналымға шығарады.

Биыл 15 қараша күні төл валютамызға 30 жыл толады. Әр елдің ұлттық валютасы – тәуелсіздік пен егемендіктің белгісі, мемлекеттегі ақша жүйесінің негізі.

«Tengege 30 jyl» коллекциялық монеталары күмістен жасалған, сынамасы – 925/1000, өн бойында тантал металл да бар. Монета диаметрі – 50 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 1 000 теңгелік, таралымы – 300 (үш жүз) дана. Монетаның жалпы массасы – 84,32 грамм.

«Tengege 30 jyl» монетасының дизайны цифрлық технологияларды дамыту тұрғысынан теңге белгісін пайдалануға негізделген. Белгінің сол жағындағы ою-өрнек даму мен өркендеуді, сондай-ақ ұлттық болмыс пен нақышты білдіреді.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Теңге сарайында дайындалды.



Бұл монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнына сай төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуға, аударуға, ұсақталуға және айырбасталуға жатады.

Пайдаланушы үшін «Қазақстан монеталары» мобильді қосымшасы да жұмыс істейді. Онда монеталарға қысқаша сипаттама беріліп, сериялар бойынша тақырыптық бөлімдерге бөлінген. Яғни Ұлттық банк шығаратын монеталар туралы ақпаратпен толықтай қамтылған. Жекелеген монеталар бойынша бейнероликтерге, монеталардың 3D-суреттеріне, сондай-ақ толықтырылған шынайылық элементтеріне де сілтемелер берілген.

Монеталардың сатуға шығарылатын күні Ұлттық банктің ресми сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында қосымша хабарланады.

«Созақ үні»-ақпарат.



## АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Аудан орталығындағы «Мыңжылқы» мәдениет үйінде елге танымал дінтанушы, ғалым, ұстаз Ризабек Баттаұлының қатысуымен «Руханият керуені Түркістан төрінде» жобасы аясында деструктивті діни ағымдардың таралуының алдын алу, ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттау мақсатында кездесу өтті.

Аудандық ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен өткен кездесуді елімізге танымал айтыскер ақын Біржан Байтуов ашып, бұл кездесудің маңыздылығын және қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе қатарында екенін айтып өтті.

Ғалым, ұстаз Ризабек Бат-

таұлы ұлттық рухты оятып, құндылықтарды насихаттайтын имандылық пен адамгершілік қасиеттерді дәріптеу, жастарды дәстүрлі емес діни ағымдардан сақтану бойынша өз ойын ортаға салып, тағылымы терең әңгімелер өрбітті. Кездесу соңында жиынға қатысушы Талғат Жұмақов, Біржан Саржанов және Мархабат Бейсенова өздерін толғандырған сауалдарын жолдады. Көтерілген сауалдарға Ризабек Баттаұлы толыққанды жауап беріп, діни ұйымдардың құйтырқы идеологиясына қарсы тұрып, еліміздің тәуелсіздігін баянды ету үшін әрбір азамат аянбай қызмет ету керетігін айтып, жиынды қорытындылады.

## Тағайындау



лық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

«Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау Министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті басшысының 16.10.2023 жылғы №815 бұйрығымен, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының 1-тармағына, 61-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Мұхит Мұраталыұлы Әшірепиев 223 жылғы 17 қазаннан бастап эпидемиологиялық бақылау комитеті Созақ аудандық санитария-

«Созақ үні»-ақпарат.

## СОЗАҚ АУДАНЫ КӨШ БАСЫНДА ТҰР

Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткішін нақтылау мақсатында облысқа қарасты аудан, қала әкімдерінің арасында 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша рейтинг түзілді.

Онда облыс әкімі тарапынан жүктелген хаттамалық тапсырмалардың орындалу барысы және ауыл шаруашылығы, инвестиция, құрылыс, өнеркәсіп өнімдері, жаңа жұмыс орнын құру және тағы басқа салалар бойынша атқарылған жұмыстар толықтай қамтылды.

Нәтижесінде мемлекеттік және салалық бағдарламаларды мерзімінде әрі сапалы орындау рейтингісі бойынша Созақ ауданы көш басына орналасты.

Айта кетейік, бүгінгі таңда Созақ ауданында ауыл шаруашылығы саласы бойынша «Ауыл аманаты» бағдарламасын жүзеге асыру үшін I кезеңіне Созақ және Қымкент ауылдық округтері ұсынылды. Бағдарламаның II кезеңіне Шолаққорған және Жартытөбе ауылдық округтері енгізіліп, кооперативтер құрылды. Қазіргі таңда 264 азаматтың құжаты мақұлданып, 148 азамат 782,910 млн. теңге жеңілдетілген несиелер алды.

Халықты қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша да жұмыстар қарқынды. Аудан көлеміндегі 35 елді мекеннің 29-ы орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған. Шолаққорған ауылының «Ақшам» және «Наурыз» мөлтек аудандарын ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша 2022 жылға 51 млн. теңге, 2023 жылға 657 млн. теңге қаржы



бөлінді. Су тарату нысанының орындары қоршалып, 30 шақырымға жуық су құбыры траншеяларға тасалды. Құрылыс-монтаждау жұмыстары жалғасуда. Нысан пайдалануға берілгеннен кейін, Шолаққорған ауылы тұрғындары тәулігіне 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз етілетін болады.

Қарабұлақ, Балдысу, Басбұлақ, Саржаз және Сызған елді мекендеріне ауыз су құбырын жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізіліп, мердігер мекемелер анықталды. Жолдардың сапасын арттыру мақсатында осы жылы «Ауыл - Ел бесігі» бағдарламасы бойынша 22,4 шақырымды құрайтын 18 көшеге, жергілікті бюджеттен 11,6 шақырымдық 11 көшеге асфальт жабындысын төсеу үшін қажетті қаржы бөлініп, орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын.

Құрылыс саласы бойынша Созақ ауданындағы спорт алаңы құрылысына 245,5 млн. теңге қаржы бөлініп,

бүгінгі таңда нысанның құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Нысан құрылысын биыл аяқтау жоспарлануда. «Тасты ауылындағы 75 орындық мәдениет үйінің құрылысы» жобасына 181,3 млн. теңге қаралды. Бүгінгі таңда құрылыс-монтаждау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. «Шолаққорған ауылындағы заманауи спорттық сауықтыру кешені құрылысы» жобасына 2 065,0 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары басталды.

Биыл республикалық бюджеттен 300 млн.теңге қаралды. Сонымен қатар Президент Қ.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Шолаққорған ауылынан Ы.Алтынсарин атындағы 900 орындық жаңа мектептің құрылыс жұмыстары басталды.

Сондай-ақ Ыбырай ауылынан Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі жанынан 200 орындық жаңа ғимараттың құрылысы жүргізілуде. Ғимарат жыл соңына дейін пайдалануға беріледі деп көзделуде.

## АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

| №  | Сайлау учаскелері | Аты - жөні                     | Елді мекен атауы                  | Кездесу өтетін орыны   | Күні         | Сағаты                           |
|----|-------------------|--------------------------------|-----------------------------------|--|--------------|----------------------------------|
| 1  | №1 Молдағұлова    | Сүгірбаев Бағлан Қанжарбекұлы  | Қарабұлақ Шолаққорған             | Қарабұлақ бастауыш мектебі<br>Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі  | 17.11.2023 ж | 10:00<br>12:00                   |
| 2  | №2 Теріскей       | Отыншиева Рабиға Шамақызы      | Шолаққорған                       | А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі   | 16.11.2023 ж | 10:00                            |
| 3  | №3 Шолаққорған    | Нұрланов Базарбай Нұрланұлы    | Шолаққорған Абай                  | А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі<br>А.Иманов атындағы жалпы орта мектебі  | 15.11.2023 ж | 10:00<br>15:00                   |
| 4  | №4 Мыңжылқы       | Баймұсаев Бақдаулет Курмашович | Шолаққорған                       | Шолаққорған ауыл әкімшілігінің мәжіліс залы  | 17.11.2023 ж | 11:00                            |
| 5  | №5 Наурыз         | Есмұратова Гүлшат Есбергелқызы | Шолаққорған Жыныс                 | Н.Төреқұлов атындағы ІТ лицей мектебі<br>С.Әліұлы атындағы жалпы орта мектебі  | 24.11.2023 ж | 10:00<br>15:00                   |
| 6  | №6 Жартытөбе      | Сапарбаев Рыскелді Ұнсарыұлы   | Бабата Жартытөбе Аққолтық Балдысу | Елді мекен клубы<br>Жартытөбе ауыл әкімшілігінің мәжіліс залы<br>Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі<br>Жамбыл атындағы жалпы орта мектебі | 17.11.2023 ж | 10:00<br>12:00<br>15:00<br>17:00 |
| 7  | №7 Қымкент        | Сағындық Ернар Құралбекұлы     | Қымкент Қызылкөл Жыныс-1          | Қымкент ауыл әкімшілігінің мәжіліс залы<br>Елді мекен клубы<br>С.Әліұлы атындағы жалпы орта мектебі  | 24.11.2023 ж | 10:00<br>12:00<br>15:00          |
| 8  | №8 Сызған         | Бекишов Құрманғали Әбиұлы      | Қозмолдақ Сызған Қайнар           | Ауыл клубы<br>С.Макаренко атындағы жалпы орта мектебі  | 27.11.2023 ж | 10:30<br>12:00                   |
| 9  | №9 Созақ          | Топшақов Серік Абілқасымұлы    | Созақ Ынтымақ                     | Созақ жалпы орта мектеп- гимназиясы<br>Құрманғазы атындағы жалпы орта мектебі  | 21.11.2023 ж | 11:00<br>15:00                   |
| 10 | №10 Науайы        | Әлібеков Жадыгер Амангелдіұлы  | Созақ Көктөбе                     | Науайы атындағы жалпы орта мектебі<br>Суындық атындағы жалпы орта мектебі  | 21.11.2023 ж | 10:00<br>11:30                   |
| 11 | №11 Қарағұр       | Жамиев Ордабек Мырзабекович    | Қарағұр Қаратау Шаға              | Қарағұр атындағы жалпы орта мектебі<br>Панфилов атындағы жалпы орта мектебі<br>С.Бақбергенов атындағы жалпы орта мектебі                       | 25.11.2023 ж | 10:00<br>12:00<br>15:00          |
| 12 | №12 Жуантөбе      | Айтбаев Алмас Сапарбайұлы      | Шу Тасты Жуантөбе                 | Ауыл клубы<br>Абай атындағы жалпы орта мектебі<br>Ауыл клубы   | 15.11.2023 ж | 10:00<br>11:30<br>15:00          |
| 13 | №13 Қыземшек      | Абдырахманов Бағдат Нуржанович | Қыземшек Тайқоңыр                 | Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектебі  | 24.11.2023 ж | 15:00                            |
| 14 | №14 Таукент       | Жамиева Карлыгаш Нышанбаевна   | Таукент                           | І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебі  | 15.11.2023 ж | 11:00                            |

Ескерту: Белгілі себептерге байланысты кездесу күндері өзгеруі мүмкін.



## Аянат жеңімпаз атанды

Аудан орталығында орналасқан Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі даярлық тобының оқушылары мен сынып жетекшісі Гүлмира Жайынбаеваның ұйымдастыруымен «Күз аруы-2023» байқауы өтті. Шара жоғары деңгейде болды. Сыныптағы жеті қыз Аяла Асылхан, Инжу Қуанышбек, Аида Әбдіманап, Хафиза Елікбай, Бағым Сабыр, Шұғыла Дәулет, Аянат Мұрат түгелімен қатысып, байқаудың шарты бойынша «Өзін таныстыру», «Өнерін көрсету», «Күзге қатысты өзі әзірлеген эксклюзивті киіммен таныстыру», «Күзге қатысты бұйым дайындау», «Өз киімдерін реттеп жинау» сияқты түрлі шарттар бойынша сайысқа түсті. Осы сайыста Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі даярлық тобының оқушысы Аянат Мұрат барлық талаптарға сай жүзден жүйрік

мыңнан тұлпар атанып бағалы заттар мен арнайы берілетін Алғыс хатқа ие болып, жеңімпаз атанды. Шараға атасы, Созақ ауданының Құрметті азаматы Мұрат Сапаров, Шымкенттен арнайы атасының досы Сергей атасы, нағашы ата-әжесі арнайы барып жанкүйер болды. Сыныптағы жеті ару бүлдіршіндердің барлығы жүлделі орындар мен аталымдарға ие болды.

«Аянаттай ару қызымызға «Әрқашанда биіктен көрініп, болашақта елдің үлкен азаматшасы бола бер!» деген аталық батамызды береміз. Талапты қызымыздың жолы ақ болсын!-дейді атасы қуанышты үнмен.

**Нұрхан ЖАҚСЫЛЫҚ,**  
«Тұран» университеті  
журналистика факультетінің 3-курс студенті.

## Балабақша–тәрбие мен білімнің баспалдағы

Білім беру бала бақша талдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы–балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен

білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала–боллашағымыз, бала–қуанышымыз.

Жақында аудан орталығындағы «Асыл-ай» бала бақшасының «Балапан» орта тобы «Мерекелі, Берекелі алтын



тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды.

Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ бала бақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады. Балабақша – барлық тәрбие мен

күз!» атты ертеңгілік өткізді. Аталмыш іс-шара күз туралы сурет салу, киім әзірлеу, тақпақтар айту бойынша айта жүрерліктей тамаша өтті. Балабақша тәрбиешілері Мадина Даңғылбай, Маржан Джумаева, Сабира Жанысбаевалардың өте жақсы ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында өткізілген бұл ертеңгілік балалардың да ата-аналардың көңілінен шығып, жоғарыда аталған тәрбиеші апайларына алғыс жаудырған ата-аналар өз ризашылықтарын білдірді.

**Ата-аналар атынан:**  
**Анар БАУЫРЖАНҚЫЗЫ.**

## Есағаны еске алу кеші

Жақында Қарақұр ауылындағы мәдениет үйінде аудандық орталық кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастырумен осы ауылдан шыққан ауданға, облысқа, қала берді республикаға танымал ақын ағамыз Ескермес Жақсымбетұлының туылғанына 75 жыл- еске алу кеші болып өтті. Кеш өте жоғары, жақсы деңгейде ұйымдастырылған. Алдымен оқырмандарға ақын ағамыздың өмірі мен шығармалары таныстырылды.

Есағанның өлеңдерінен кітапхананың балғын оқырмандары үзінді оқыды. Кеште Қарақұр ауылдық мәдениет үйінің музыка жетекшісі Салтанат Белгібайқызы, кішкентай оқушы қызымыз Орынбасар Гүлзина ауданымыздың 95 жылдығына арналған жүректен шыққан туындыларын оқып берді.

Республика көлеміне танымал, аядай ғана ауылдан шыққан ақын ағамызды еске алу кешіне ауыл азаматтары аз келді. Мүмкін хабарландыруы кемшін болған шығар.

Әр мекемеге шақыру берілген. Алайда күнделікті күйкі тірліктен босай алмады ма? Әлде ауылдағының аузы сасық демекші, «өзіміздің Ескермес ақын ғой. Жырын



талай есіттік» деді ме екен, әйтеуір шағын залдың әр жерінде сирексіп отырған көрермен сахна ажарын бәсеңдетіп тұрды.

Ұйымдастырушылар ақын ағамыздың ағайын-туыс, ауылдастарына аталмыш кешке келіп атсалысқандарына рахмет айтып сый сипаттарын көрсетті. Ал туыстары осы кешті ұйымдастырған аудандық орталық қызметкерлері Жұмабаева Балнұр, Бөбеева Әйгерім, Айтжанова Мәдина, Бекмұратова Ботакөз қыздарымызға рахмет айтты. Кеш соңында қонақтар ақын ағамыздың бала-

лары мен келіндері жайған мерекелік дастарханнан дәм ауыз тиді. Өткізілген шара туралы игі жақсылар аз кем қорытынды жасап, үлкендер ұйымдастырушылар мен жастарға ақ батасын беріп, келген қонақтарды ілтипатпен шығарып салды. Шығармашылық еске алу шарасында «Бала ғашық» әнінің кейіпкері Айсұлу ағамыз да болды. Өлеңнің шығу тарихы баяндалып, өткен жылдардың сағынышты белестеріне қиялмен барып қайтық.

**Мақсат НҰРДАУТЕГІ.**


## Жас көшбасшы

# Тәуелсіз елдің Алиханы

«Созақ үні» газеті «Жас Көшбасшы» айдарының қонағы Данаш Алихан Беласұлы. Алихан 2012 жылы 2 наурызда Шолаққорған ауылында дүниеге келген. 2015 жылы «Балауса» балабақшасында тәлім алып, 2017 жылы Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейіне қабылданып. Алғаш «Әліппе» ұстатып, әріп танытқан сынып жетекшісі-Оспанова Айнұр апай болса, қазіргі таңда аталмыш білім ордасының білікті ұстазы- Керімбекова Ақнұр апайының жетекшілігімен 6 «ә» сыныбында оқиды.

Алиханда әжесінің аялы алақанында өскен бақытты немере. Әжесі Есетова Шара- қазірде бейнетінің зейнетін, немерелерінің қызығын көріп отырған жылы жүректі жан. Елі үшін ерен еңбек етіп келе жатқан әкесі Ермекбаев Белас- Созақ ауданында уран өндіруші компаниясының маманы. Мерейлі отбасын мейіріміне бөлеген анасы Жарқынбекова Гүлжамал- Созақ аудандық сотына дейінгі медиатор болып жұмыс жаайды. Алихан үйдің үлкені, ізнен ерген бір інісі мен бір қарындасы бар. Інісі Данаш Дастан- биыл 4 сынып оқушысы, Республикалық «Зерде» конкурсының жеңімпазы, қарындасы Данаш Айжан-МАД сыныбының тәрбиеленушісі, сұлулық байқауының жеңімпазы атанған ақылы көркі сай қыз.

Алихан-білім мен спортты қос ескек етіп, өмір теңізінде өрге құлаш сермеген жан-жақты жас. Оның бойында көптеген қаділеттер қатар тоғысқан, өз жанынан өлең шығарумен бірге бір оқығанан жатқа айтып бере алатын зерек те зерделі оқушы, сонымен қатар сурет сала білетін шығармашылыққа жаны жақын оқушы. Мектепте үнемі белсенділік танытып, қатарларының алды, мектебінің мақтанышына айналған. Ең сүйікті сабақтары- орыс тілі мен дүние тарихы. Алихан сабақтан тыс уақытын да тиімді пайдаланып, спортпен шұғылдандуды серік



өткен. Өз қабілетін сан сайыстарда дәлелдеп, көптеген марапаттарға ие болған.

Жұлдызды сәттері: 2002 жылы Республикалық «sabag.kz» олимпиадасының I орын жеңімпазы, 2022 жылы «Тәжірибе таным көзі» сайысынан марапатқа ие болған. 2019 жылы математика пәні бойынша Республикалық қашықтық олимпиадасында I орын иеленді. 2020 жылы Республикалық «Кім білгіш» 3-сынып арасындағы блицтурнирінің жүлдегері, Республикалық «Абай оқулары» олимпиадасының I орын жеңімпазы, 2022 жылы «Кенгуру-математика барлығы үшін» интеллектуалды ойын-конкурсының II орын иегері, 2022 жылы та-

рих пәнінен «Алтын ұрақ» зияткерлік олимпиадасынан III орын алды, 2022 жылы «Бәйтерек» Республикалық олимпиадасының II орын жеңімпазы атанды, 2022 жылы «Lntolimp.kz» Республикалық интернет олимпиадасының II орын жүлдегері, 2023 жылы «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының II орын жеңімпазы, «Erudite» қоғамдық қоры ұйымдастыруымен өткен «Тәуелсіздік-тәңір сыйы» атты республикалық байқауында қолөнер номинациясынан I орын алды, 2023 жылы «Ахмет Байтұрсынұвының 150 жылдығына орай» орыс тілі пәні бойынша поэзиялық кештен I орын иегері, 2023 жылы Созақ ауданының 95 жылдығына орай бокстан мектеп оқушылары арасында аудандық ашық біріншілікте 50 кг салмақта III орын жеңімпазы.

Алихан болашақта әділдікті ту етер заңгер маманы болып, өзінің жеке компаниясын ашуды арман етеді. Көздеген арман-мақсаттарына адаспай жете бер, жас дос, ата-анаңның үмітін ақтап, ел мақтанышына айналар азамат бол деп тілек білдіреміз!

**Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**

# Теңге тиыннан, ынтымақ ұйымнан

**Биыл Ұлттық валютаның қолданысқа енгізілгеніне 30 жыл толу мерейлі мерекесі келе жатыр. Қазынашылық басқарма ұжымын айтулы мерекелерімен аудан құттықтай отырып осы шараға орай Түркістан облысы бойынша қазынашылық департаментінің Созақ аудандық қазынашылық басқармасында биылғы жылдың он айында атқарылған жұмыстар барысы туралы басқарма басшысы Эльвира Яшарқызы Мамедалиевамен шағын сұқбат жүргізген болатынбыз. Сол сұқбатты назарларыңызға ұсынамын.**

**-Түркістан облысы бойынша қазынашылық департаментінің Созақ аудандық қазынашылық басқармасында биылғы жылдың он айында атқарылған жұмыстар алдымен нақты бір құжаттарды басшылыққа алып жұмыс жасайтын болар. Сұқбатты содан бастасақ?**

-Дұрыс айтасыз. Әрине, Созақ аудандық қазынашылық басқармасы өз жұмысын 2023 жылға жасалған іс-жоспарға сәйкес және Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінен, Қазынашылық Комитетінен, Түркістан облысы бойынша Қазынашылық департаментінен келген нұсқаулық, түсініктеме материалдарды басшылыққа ала отырып жүргізді. Созақ аудандық қазынашылық басқармасында штат бойынша 6 мемлекеттік қызметкер жұмыс атқарады. Барлық қызметкерлер арнайы экономикалық жоғарғы білімі бар азаматтар. Созақ аудандық қазынашылық басқармасында 2023 жылы 39 мемлекеттік мекемеге қызмет көрсетілуде, оның ішінде: Республикалық бюджеттен—1 мекеме, облыстық бюджеттен—9 мекеме, жергілікті бюджеттен—17 мекеме, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдық округтің әкімдері жергілікті өзін-өзін басқару—12 мекеме.

**-Осы аталған мемлекеттік мекемелерге жұмыстарды үйлестіру қандай деңгейде жүргізілуде?**

-Аталған мемлекеттік мекемелерге «ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшасын бақылау шоты (бұдан әрі — ақшаны уақытша орналастырудың ҚБШ)» бойынша 29 мекемеге. Мемлекеттік мекемелер өздерінің иелік етуінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан қалған қолма-қол ақшаны бақылау шоты (бұдан әрі—ақылы қызметтердің ҚБШ) бойынша 2 мекемеге. Қазынашылық сүйемелдеу бойынша 2 шот және қосалқы мердігер бойынша 1 шот ашылған. Созақ ауданының 2023 жылы түсімдер бойынша, міндеттемелер мен төлемдер бойынша жиынтық жоспарлары, мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер мен төлемдер бойынша жекеше қаржыландыру жоспарлары және де жоспарларына анықтамаларымен өзгерістер жүйеге уақытылы енгізіліп, шығыс операциялары аталған жоспарларға сәйкес жүргізілуде.

Кірістер бойынша ағымдағы қаржы жылына бекітілген бюджет сомасы 14394594000 теңге нақтыланған бюджет сомасы 15091577000 теңге. Шығыстар бойынша ағымдағы қаржы жылына бекітілген бюджет сомасы 14394594000 теңге, нақтыланған бюджет сомасы 15251830000 теңге. Есепті мерзімде аудандық бюджет 3 рет нақтыланып, 7 рет түзетіліп, өзгеріс енгізілді. Жоспарларға өзгеріс енгізілу кезінде келіп түскен анықтамалықтар мұқият тексеріліп барып, жүйеге енгізіледі, одан соң барлық шығыс нысандары қалыптастырылып деректемелері тексеріледі. Қаржы жылының есепті мерзімінде, яғни осы күнге дейін Созақ ауданы бойынша алшақтықтар анықталмаған, барлық жасалынған өзгерістер жүйеге дұрыс енгізілген.



2023 жылы 30 қазанға аудан бойынша облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер бойынша бөлінген қаржы 100 пайызға игерілді, ал аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бөлінген қаржы 99,1 пайыз болып игерілді.

Құжаттарды қабылдауға, төлем шоттарын енгізуге, бекітуге жауапты орындаушылар қаржылардың мақсаты жұмсалыуына алдын-ала бақылау жасайды және әр құжаттың дұрыс өтуіне тиынақтылықпен қарайды. Есепті мерзімде басқармада атқарылған басты жұмыс ол мемлекеттік мекемелермен электронды құжат айналымына, яғни «Қазынашылық-клиент» бағдарламасымен жұмыс атқару болып табылды, бүгінгі күні қызмет көрсетілетін 39 мемлекеттік мекеменің барлығы толығымен электронды құжат айналым бағдарламасымен жұмыс атқаруда. Бүгінгі таңда электронды түрде төлем шоттарын, келісім шарттарды тіркеу өтінімдері, жоспарларды енгізу, оларға өзгерістер енгізу, ақша алушыларды енгізу жұмыстары атқарылуда. Қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелердің барлығы толыққанды жұмыс жүргізуде.

**-Өзіңіз айтқандай «Қазынашылық-клиент» бағдарламасымен жұмыс атқару мемлекеттік мекеменің электронды құжат айналымында қиындық тудырмай ма?**



-Аталған бағдарламамен дұрыс жұмыс жасау үшін барлық мемлекеттік мекеменің қаржы қызметкерлерімен семинар кеңестер өткізіліп, пайдаланушының нұсқаулығы мұқият түсіндірілген және аталған нұсқаулық барлығының қолына берілген. Басқарма қызметкерлері бағдарламада жұмыс атқару бойынша үнемі кез келген мезгілде мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне кеңес беруде, жұмыс атқару кезінде жұмыс атқара алмаудың себебін қаржыларды игермеу фактілері орын алған емес.

Есепті мерзімде мемлекеттік мекемелермен Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 04 желтоқсанда № 540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған қосалқы қызмет көрсету Ережесі» және оған енгізілген өзгерістер және де Қазынашылық Клиент бағдарламасы бойынша ағымдағы

жылда мемлекеттік мекемелерге 4 семинар кеңес өткізілді.

Басқарманың өз жұмысында бүгінгі күні ұстанымы - ол дұрыс емес орындауға ұсынылған құжаттарды кері қайтару емес, дұрыс емес құжаттарды азайту, болдырмау. Ол үшін үнемі ай сайын кері қайтарылған құжаттарға сараптама жасап, клиенттерге өткізілген семинар кеңестерде әрбір құжатқа жеке жеке тоқталып, қалай дұрыс болу керектігін түсіндірудеміз. Сонымен қатар қателіктерге көп жол берген, бір қатені үнемі қайталайтын мемлекеттік мекемелермен жеке семинар өткізу жұмысы қолға алынған.

Басқарманың 1 қабатындағы файеге «Сенім жәшігі» орналастырылған, жәшік комиссиямен айына екі рет тексеріліп, хаттама жасақталып отырылады, есепті мерзімде арыз, өтініштер түскен емес, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың қабылдау кестесі ілініп қойылған. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп» Кодексі (мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасының қағидалары) мекеме ғимаратының 2 қабатына ілінген. Басқарма ғимаратында аудандық басқарманың 4-18-04, Түркістан облысы бойынша қазынашылық департаментінің 5-97-47, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазына-

№153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексі», басқа да тақырыптар оқытылды.

Аудандық басқарманың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүргізіліп жатқан жұмыстарымен аудан тұрғындары хабардар болу үшін басқарманың 2023 жылға арналған медиа жоспарына сәйкес есепті мерзімде аталған тақырып аясында 5 рет газетте мақала жарияланды.

Басқарма қызметкерлері азаматтардың және заңды тұлғалардың өкілдерінің арыз, өтініштерін қабылдауда заңдылықтың қатаң сақталуына баса назар аударуда, есепті мерзімде жеке тұлғадан 3 өтініш тіркелген. Барлық штаттағы мемлекеттік қызметкерлер өз лауазымдық міндеттері аясында ғана тиісті шектеулермен қызметтерін атқаруда, жеке іс-папқаларына шектеу міндеттемелері тігілген, барлық қызметкерлерге 2022 жылға өздеріне және жұбайларына жеке табыс салығы және мүлік бойынша декларацияны есепті жылы міндетті түрде тапсырылған.

Аудандық басқарма бойынша ҚБАЖ-ін жұмыста пайдаланушыларға жүйелі түрде кәсіби біліктілігін көтеруде басшылық жасалып, қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру, әрбір қызметкер еңбек тәртібін сақтауын, әрбір жолданатын ақпаратқа аса көңіл аударып, уақытылы және нақтылы ұсыну керектігі жөнінде және жауапкершілікті арттыру мақсатында жұмыс жүргізіп жатырмыз.

Қаржыландыру жоспарларын жүргізу кезінде осы күнге дейін ешқандай кемшілікке жол берілмеген және де кемшіліктер болдырмауға жұмыс жасалып отыр. Үстіміздегі жылдың бюджетін нақтылауға қатысты іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында, қаржыландыру жоспарларын жүргізуде, мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеу және хабарламаларды қалыптастыруда және қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу кезінде кемшіліктерге жол бермеу тұрақты түрде бюджетті нақтылау кезінде, мемлекеттік мекемелердің анықтамалары бойынша өзгерістер енгізу кезінде бақылауда болады. Аталған жұмыс бекітілген біріңғай бюджеттік сыныптамаға сай жүргізілуде.

Аудандық басқарманың жауапты қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерімен таныстырылған және де осы лауазымдық міндеттері бойынша жұмыс атқаруда. Және де 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 бұйрық «ҚР мемлекеттік қызметкерлердің әдеп кодексі» бойынша мемлекеттік қызметшінің әдебі және мінез-құлқы нормаларын үнемі ұстануда.

Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде (ҚБАЖ) әр түрлі модульдерде жұмыс істеу нұсқаулықтары бойынша техникалық сабақтардың жиі өткізілуде. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсанда №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған қосалқы қызмет көрсету ережесіне» енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша және басқа да нормативтік-құқықтық құжаттарды түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде бекітілген техникалық оқу жоспарына сәйкес жүргізілуде. Озат қызметкерлер қатарында бас маман-бас қазынашы Күшбаева Раушан Аманкельдиевна, жетекші маман-жетекші қазынашы Жакаева Роза Ерубайқызын айтар едім.

**-Эльвира Яшарқызы! Сізді және сіз басқаратын басқарма ұжымын айтулы мереке- ұлттық валюта күнімен шын жүректен ыстық ықыласпен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық, отбастарыңызға қуаныш, шаттық, еңбектеріңізге толымды табыстар тілейміз!**

-Рахмет! Өздеріңізге де шығармашылық табыстар тілеймін!

**Сұқбаттасқан:  
Мақсат ҚАРПАБАЙ.**

Редакцияға келген күннен бастап, жылы жүзді, ажары, кескін келбетінен мейірім шуағы төгіліп тұратын есепші Оразбекқызы Гүлжан апаймен жиырма жылға жуық қызметтес болып келеміз. Отбасының шуағы, қуанышы, бақыты әйел десек, қызмет барысында да әйел кісі қызметін адал атқара жүріп, қызметтестерінің біріне анасындай, біріне әпкесіндей, біріне қарындасындай болып жылулық сыйлайды.

Гүлжан Оразбекқызы Бекжігітова 1966 жылы 30 қаңтарда Жартытөбе ауыл әкімдігіне қарасты аядай Аққолтық ауылында дүниеге келген. Отбасында Оразбек көкеміз бен Кеңескүл апамыздан 9 қыз, 1 ұл тараған. Гүлжан апай отбасында үшінші қыз бала. Аққолтық ауылындағы Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебін ойдағыдай бағамен бітірген соң 1983-84 жылда-



жүріп жұмыс істе. Мен Рабкоптың бастығымен сөйлесіп қойдым-дейді әкесі қыз баласын алысқа жібергісі келмей. Әке өтінішін аяқ асты ете алмаған Гүлжан қыз сонау Қызылордадан жұмыс табылып тұрса да елге келеді. Сондағы әкесінің қуанышты жүзі айтпаса да түсінікті еді. Әкелік көңілмен қызына шын пейілімен риза болып, ақ батасын береді. Әкенің ақ батасы деген ұлы да киелі қасиет десек жаңылыспаймыз. Сол әке батасы арқасында бүгінде жан жары Әбубәкір ағамызбен екеуі бақытты шаңырақтың тұтқасына айналып отыр. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» демекші әкесі мен анасының маңдай термен, адал еңбекпен тапқан кәсібі арқасында ұл-қыздары жаман болған жоқ.

«Әкем маған осы есепшілік салаға жұмысқа орналасқанымда «Біреудің



лық пейілмен.

Есепшілік сала шынында оңай сала емес. Оның үстіне бүгінгі заманда компьютерді терең меңгеруді қажет етеді. Ауданда қаржы саласының білікті де, білімді мамандары қатарында Жақсыбаева Мейрамкүл, Құдайбергенова Мейрамкүл, Бабаева Нұржамал, Еденбаева Сәуле, Сағындықов Серік, Айдарбеков Ербол, Қарабаев Сейділда, Сейдалиева Гүлнар, Елбергенұлы Сәбит, Айдаров Тұрды, Керімбекова Несіпкүл

## Ардақты ана, абыройлы қызметкер

ры алғашқы астанамыз Қызылорда қаласындағы №8-ші кәсіптік техникалық училищеде «сатушы» мамандығы бойынша білім алады. 1984-86 жылдары оқуын одан ары жалғастырып Көкшетау қаласындағы арнайы педагогикалық техникумының есепшілік факультетінде білім алады. Кәсіптік техникалық училищеде уақытша аға есепші болып еңбек жолын бастайды.

1987 жылы Жартытөбе ауылдық жұмысшылар кооперативінде есепші, 1989 жылы Созақ аудандық кино көрсету мекемесінде есепші, «Қаратау» кинотеатрында есепші, 1997 жылдан аудандық ақпарат саласына

тематика пәнінің мұғалімі, жалғыз ұл-бауыры Пердебек ағамыз электр маманы. Роза кәсіпкер, Ұлбике мұғалім, Ақнұр А.Сүлейменов мектебінде мұғалім, Гүлмира Н.Төреқұлов атындағы ақпараттық технологиялық мектебінде ұстаз, Айнаш Ақтөбе қаласында тұрады. Мектепте ағылшын тілі пәні мұғалімі. Нұргүл Шымкент қаласында бастауыш сынып мұғалімі, үйдің кенжесі Айнұр-Шымкент қаласында тұрады. Мектептің білікті психолог-маманы.

Қарап отырсаңыз ол заманда шаруашылықта көлік жүргізуші болып еңбек ететін көкеміз бен мектепте техникалық қызмет атқаратын апамызда шынында артық қаржы, көл-

ала жібін аттама, өкіметтің сынық сүйем затын алушы болма! Өтірік айтпа! Абыройлы болуға тырыс. Дүние, ақша қолдың кірі! Жейтін наның мен ішетін суың адалынан болсын. Қара су ішсең де уайымсыз іш!» деген сөзді жиі айтып отыратын. Сол сөз санамызға мықтап орнығып қалған. Әке сөзі, әке талабы, әке ақылы біз үшін заң болды. Ата-анамыздан қалған қасиетті қара шаңыраққа Пердебек ағамыз иелік етіп отыр. Жұбайы жеңгеміз екеуі үш қыз, бір тәрбиелеп отыр. Ата-анамызды, балалық шағымызды сағынғанда ауылға бала-шағамызбен барып ағамыздың үйінде ау-

сыяқты әріптермен уақытында қоян қолтық жұмыс жасады. Ол уақытта алдыңғы аға буынға шәкірт болса, бүгінде көптеген жастарға ақылшы ұстаз ретінде ақыл-кеңесін айтып отырады. Кей сәтте Гүлжан апайдың бөлмесіне бара қалсақ ауылдардан, аудан орталығындағы мекемелерден жас есепшілер келіп білмеген жерлерін сұрап жатады. Апай болса ерінбей, жалықпай түсіндіріп отырады.

Гүлжан әпкеміз отбасында Әбубәкір ағамыз екеуі Данияр, Мадияр, Мұзарт есімді ұлдары мен жалғыз тал гүлі, арпа ішіндегі бір бидайы Назерке атты қыздарынан Інжу, Көркем, Ажар, Айсейіт, Заңғар, Әли, Санжар атты немерелерін сүйіп отырған берекелі шаңырақ иелері. Даниярдың өзі кәсіпкер, келіншегі Айдана ағылшын пәнінің мұғалімі, Мадияр мал дәрігері, келіншегі Фариза мектепте лаборант. Назеркенің жолдасы Талғат өндірісте жұмыс жасайды.

Әбубәкір ағамыз да бірнеше жылдар аудандық қаржы бөлімінде есепші, экономист мамандығы бойынша халыққа қалтқысыз еңбек еткен азамат. Қаржы саласының майталман маманы соңғы жылдары А.Жұбанов атындағы саз мектебінде есепші-экономист болып абыройлы қызмет ете жүріп Құрметті зейнет демалысына шығып, отбасының ақылшы ақсақалына айналып отыр.

Гүлжан апай сізді және сіздің отбасыңызды «Созақ үні» газеті ұжымы атынан 15 қараша-Ұлттық валюта айналымға енген тарихи күн, айтулы кәсіби мерекелеріңізбен көтеріңкі көңіл күймен құттықтаймыз!

Дендеріңіз сау болып, елге абыройлы қызмет ете берулеріңізге, от-



келіп, аудандық телевизия хабары редакциясында есепші, аудандық «Молшылық үшін» газетінде, «Созақ теледидары» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында, «Созақ үні» газетінде есепші болып 26 жыл көлемінде аудандық телеарна мен жергілікті басылымдарда еңбек етіп келеді.

Гүлжан апайдың әкесі Оразбек көкеміз 1936 жылы дүниеге келген. Жастайынан техника ролінде отырып совхоздың мал шаруашылығы, егін шаруашылығы саласында толассыз жылдар, бір тынбай еңбек етеді. Бар күш-жігерін, қажыр-қайратын отбасының бақыты мен өзі туып өскен ауылының гүлденуіне жұмсайды. Ауыл ішінде «Опытный Оразбек» деп қатарластары қалжыңдайды екен. Өйткені ол кісі кез-келген техниканың тілін біліп, автокөлік оталып тұрғанында қай жері сыр беріп тұрғанын мотордың дыбысынан біледі екен. Өйткені ол кісі кез-келген техниканың тілін біліп, автокөлік оталып тұрғанында қай жері сыр беріп тұрғанын мотордың дыбысынан біледі екен. Өйткені ол кісі кез-келген техниканың тілін біліп, автокөлік оталып тұрғанында қай жері сыр беріп тұрғанын мотордың дыбысынан біледі екен.

Гүлжан әпкеміз Қызылорда қаласына, одан Көкшетауға оқуға барарында әкесі Оразбек көкеміз біраз қарсы болады. «Қарағым, жат жерге бара жатырсың. Үлкен әпкең болса да Қызылордаға барып, сонда оқып жүріп тұрмысқа шығып, қалып кетті. Оның өзі жылына бір келеді ме, келмейді ма?! Біз болсақ бара алмаймыз. Жолы ұзақ, жері шалғай. Ал Көкшетау дегенің тіпті жердің түбі. Лажы болса ауылға кел. Үйден кіріп-шығып

көсір дүние қайдан болсын. Қыздардың барлығы өз қарекетімен, ізденісті білімдері арқасында таңдаған мамандықтарына қол жеткізеді. Бір жылы оқуға түсе алмай қалса келесі жылы қайта барып, алған беттерінен қайтпай жүріп оқуға қол жеткізеді. Әйтпесе, сол уақытта отбасында екі жылда бір бала мектеп бітіріп оқуға талаптанып, дайын тұрды. Былайша айтқанда ақшамен түсіруге отбасылық мүмкіндік жоқ болатын. Бәрі де қыздардың білімге деген, өмірге деген шынайы құштарлығы, ата-ананың дұрыс тәрбиесі арқасында сондай жетістіктерге жете білді.

Гүлжан әпкеміз Қызылорда қаласына, одан Көкшетауға оқуға барарында әкесі Оразбек көкеміз біраз қарсы болады.

«Қарағым, жат жерге бара жатырсың. Үлкен әпкең болса да Қызылордаға барып, сонда оқып жүріп тұрмысқа шығып, қалып кетті. Оның өзі жылына бір келеді ме, келмейді ма?! Біз болсақ бара алмаймыз. Жолы ұзақ, жері шалғай. Ал Көкшетау дегенің тіпті жердің түбі. Лажы болса ауылға кел. Үйден кіріп-шығып



нап-қунап жатып, демалып қайтамыз. Аға-жеңгем әке-шешемізді жоқтатпай, бізге ата-анамыз сияқты жылы қабақ, мейірім шуақпен қарсы алып қас-қабағымызға қарап күтіп алып, шығарып салып бәйек болып жүргені,-дейді Гүлжан апай ризашы-

басында немерелеріңіздің шуақты күміс күлкісіне шомылып бақытты ғұмыр сүре берулеріңізге тілектеспіз!

**Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**

# “Жақсының жақсылығын айт” - деген...

Жуырда, қазан айының 25-26 күндері аудандық ардагерлер үйінде өмірінің 35 жылын білім саласындағы қызметке арнаған ардақты әке, аяулы ата Ауезхан Қарауылұлын еске алуға арналған ардагерлер арасында шахматтан жарыс болып өтті. Аудандық ардагерлер ұйымы турнирдің ұйымдастырушысы, ұл-қыздары мен немерелері демеушісі болған жарысқа ауыл-ауылдардан спорттың осы түрін сүйетін азаматтар келіп қатысты. Екі күнге созылған тартысты жарыста шахматшылар өзара бақ сынасып, ауданымызға сыйлы қариялар: Бекен Ниязбеков жүлделі III орынды (20 мың теңге мен заттай сыйлықтарды) бөлісті. Ақтық сайыста бағын сынаған Амалбек қария Мұсабеков II орынға табан тіреді және 30 мың теңгеге, заттай сыйлықтарға қол жеткізді. Ал, жарыстың жеңімпазы болып, бас бәйге 50 мың теңге менен бағалай сыйлықтарды үнемі ауданымыздың намысын облыстық және республикалық жарыстарда абыроймен қорғап жүрген қариямыз Қожахмет Қожанұлы иеленді. Әрине, бұл марапаттар 26 күні «Іңкәр» дәмханасында өткен Ауезхан Қарауылұлын еске алуға арналған ас үстінде табыс етілді. Марапаттарды аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қабыл Еспенбетов пенен Әукеңнің ұлдары табыстады. Мұнан соң, құдайы ас беріліп, жиналғандар кезегімен Ауезхан Қарауылұлы жайлы жылы естеліктер айтты.

Иә, пенде болған соң адамның бойынан жақсы да жаман мінездердің табылып жатуы жаратылыстың заңдылығы. Дегенмен, кісіні сыйлы ететін де, сыйсыз ететін де сол мінез ғой. Бұл жайлы алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың өзі: «Ұлтқа қызмет ету-білімнен емес, мінезден» деп текке айтпады. Әрине, бұл ретте Ауезхан Қарауылұлын тұтастай ұлтқа қызмет етті деп, артық сөйлеуден аулақпын. Алайда, әлгі ас үстінде сөз алған ауданымыздың құрметті қариялары: Қабыл Еспенбетов, Тайыр ақсақал, Сексенбай Тұрысбеков, Мәми Дадабеков, Оразбек Жолдасов, Қожахмет Қожанов, Төребек Тұрғанбекұлы пен Әукеңнің туған інісі Ердеш Қарауылұловтардың сөзінен кейіпкеріміздің Созақ ауданына, оның ішінде білім саласына қалтқысыз қызмет еткенін ұғу қиын емес еді. Сол кісілерден бала күнгі досы Мәми ақсақал Дадабеков: «Әукең деген досқа адал, қарашаға қамқор, қарапайымдылықтың үлгісіндей, біртуар азамат еді ғой. Әрине, оның отбасында, жұмыста, ел ішінде қандай болғанын туыстары мен әріптестері, достары мен қоңсылары айта жатар. Мен Ауезхан Қарауылұлын бала күнінен білемін. Себебі, екеуіміз де Шолаққорғанның солтүстік-шығысында жатқан «Қарасуан» елді мекенінде туып-өстік. Екеуімізде ауқатты отбасында дүниеге келіп, мен еке-шешемнің, ол да анасы Айшаның арқасында жоқшылықтың дәмін көп тата қоймадық. Бір сөзбен айтқанда, ол кісілер бізді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірді. Екеуіміздің арамызда үш-төрт жас айырмасы болса да бастауыш мектепке бірге бардық. Кейіннен, Шолаққорғандағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепті бірге оқып, бітірдік. Әукең алаштың мақтанышы, ауданымыздың тумасы, қазақ әдебиетінің жұлдызды жазушысы әрі сыншысы Асқар Сүлейменов секілді алғыр, зерек оқушы болды. Дегенмен, екеуіміз де ә дегеннен оқуға түсе алмай, біраз уақыт колхозда жұмысшы боп еңбек еттік. Ауезхан кейіннен әскер қатарында болып келді дағы Шымкент қаласындағы техникумдардың бірінде оқып, бухгалтерлік білім алып шықты. Содан, алғашқыда ауылға келіп ДОСАФ-та төраға боп жұмыс жасады. Міне, осы тұста аудандық тұтынушылар қоғамының



басшысы боп қызмет істейтін Ерман Ембергенов аз ғана уақыттың ішінде мықты есепші екенін дәлелдеп үлгерген Әукеңді Калинин атындағы рабкоптың бас есепшісі етіп қызметке алды. Кейіннен, аудандық білім бөлімінің бас есепшісіне барып, 35 жыл бойы осы салаға адал еңбегін сіңірді. Осы жерде бірнәрсені айта кетуім керек, жалпы қазақта: «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген қанатты сөз бар ғой. Бүгін біз сөз етіп отырған Ауезхан Қарауылұлы өз бойындағы білім мен білікті алғашқы ұстазымыз Сейдахмет Әбуовтан алды. Тіпті, біздердің бұрын ұрпақтың шахматқа деген қызығушылығымызды да сол, Сейдахмет Әбуов оятқан. Бірсөзбен айтқанда Әукең кісілікті де кішілікті де бойына қатар сіңірген, өте сабырлы, басшыға да қосшыға бірдей мәміле қылатын мінезді азамат еді ғой. Жатқан жері жайлы, иманы өзіне жолдас болсын, жақсы дос, жақсы әке, жақсы әріптестің!

Көршісі Оразбек Жолдасов: «Байқасаң, Әукеңнің есімі екі бірдей есімнің «Әуез-Хан» қосындысынан тұрады. Менің естуімде ол кісінің Әуез есімді нағашы атасы болған екен. Өзі шешен, өзі балуан әрі батыр Әуездің ел арасында аты шығып, айналасына танымал азамат болған көрінеді. Міне, ата-анасы да Әукеңнің өміріне есімінің жақсы әсері болсын деген ниетпен нағашы атасының атын жиен-немересіне ырымдап бергенге ұқсайды. Тек, атасы Әуезге тартып, батыр да балуан әрі шешен болып қана қоймай, «хан» да болсын деп, Хан есімін қосарлап берген екен. Айтайын дегенім, мен Әукеңнің бойынан сол хандарға ғана тән паңдықты, бекзаттықты көретінмін. Солай келді өмірге, солай кетті ғой өмірден рахметтік. Ал енді, қоңсы, ауылдас әрі құрдас ретінде Әукеңнің ешбір жаманатын естимедік. Айналасының бәрине абыройлы еді. Өмірі дастарханы жиылып көрмеген, сақы азамат еді. Әйтеуір қашан көрсең, үйінен қонақ үзілмейтін.

Қызметтес інісі әрі шәкірті Төребек (Төрен ағай) Тұрғанбекұлы әріптесі жайлы былай деді: «Ауезхан Қарауылұлын сол білім бөлімінде қызмет істеген жылдардан білемін. Әрине, мен ұстаз, ал ол кісі есепші еді. Алайда, Ауезхан аға маған ғана емес, сол тұста білім саласында жүрген қыз-жігіттерге өзінің мінезімен, тәрбиесімен ұстаздық етті. Мен Әукеңнің қазіргі білім саласында және бухгалтерлерде жоқ екі қасиетін ғана айтамын, қалғанын өздеріңіз таразылап алыңыздар. Біріншіден, ол кісі аудандық білім бөлімінің есепшісі қызметін атқарып тұрғанда облыс-республикадан келген ешбір тексеруші мұғалімдерге тіс батыра алмайтын және ол уақытта мектеп қызметкерлерінен ақша жинау деген мүлде болмайтын. Себебі, Ауезхан Қарауылұлының есебі қай кезде де тақтайдай болатын

және қандай тексеруші келсе де оның бір былық тауып, ақша талап етуіне мүмкіндік қалдырмайтын. Тіпті, сол уақыттарда көп келетін орыс ұлтынан болған тексерушілердің алдына бүкіл білім бөліміне қатысты есептерін тастай салатын дағы: «Мә, сендерге жеңіл болсын деп, есепті өз тілдерінде жаздым!» дейтін. Сонда ол кісі қазақша мен қоса орыс тіліне де жетік еді. Әйтпесе, ол тұста көптеген есепшілер өзге тіл тұгілі, өз қазақ тілімізде есеп беруге шамасы келмей жүретін. Ал қазір ше, аудандық білім бөлімі де мектептер де Әукең кеткен соң тексеруден және ақша жинаудан көз ашпай қалды. Осы жерден-ақ есеп қыла бергіз, бір ғана адамның білім-білігінің, кәсібилігі мен адалдығы білдеу ауданның білім саласының абыройын көтеріп келді.

Екіншіден, Әукеңнің тағы бір жақсы қасиеті, ауданымыздың қай ауылы, елді мекенінен мұғалім не жұмысшы келсе, айлығын ерінбей есептеп, ақшаға мұқтаждығы болса, мәселесін шешпей қайтармайтын. Сосын, ол кісі мынау мектеп директоры немесе мұғалім не қарапайым жұмысшы деп ажыратып жатпайтын, бәрине бірдей қарайтын. Міне ағайын, біз таныған, ұстаз тұтқан, ұқсап баққан Ауезхан Қарауылұлы деген арда азамат осындай еді!».

Мұнан кейін сөз алған әріптесі Кәрібозова (айтыскер ақын Қалижан Білдаштың апасы) да Әукең жайлы есінде қалған естеліктерімен былай бөлісті: «Ауезхан ағай сол тұстағы арнайы оқып, бухгалтер болған санаулы ғана азамат-азаматшалардың бірі де бірегейі еді. Қалғанымыздың барлығы дерлік оқымаған, дипломы жоқ есепшілер едік. Алайда, Ауезхан Қарауылұлы біздің сол кемшілігімізді білдірмеді. Барлығымызды да білдей, білікті есепші етіп шығарды. Шынында, Ауезхан ағайдың тұла бойы тұнып тұрған мінез еді ғой. Сонша жыл бірге жұмыс істеп жүріп, жан адамға дауыс көтеріп, айыбын бетіне басып, ұрсып жатқанын көрмеппіз. Айналасының барлығы ол кісінің кісілігі мен кішіпейілдігін бағалайтын, жақсы көріп, құрметтейтін!».

Бүгін біз әңгімемізге арқау етіп отырған Ауезхан Қарауылұлы жақсы дос, жақсы есепші, ұлағатты (есепшілер арасында) ұстаз болудан бөлек, жақсы жар және әке де бола білген жан. Мұны оның жұбайы Битан апаға, ұлдары Манапқа, Ержан мен Ерланға және қыздары Салтанат пен Гүлжанға қарап отырып-ақ байқауға болады. Бұлардың барлығы дерлік өмірде өз жолдарын тауып, бірі медқызметкер, бірлері ұстаз, енді бірлері кәдімгі белді кәсіпкерлер. Немерелері де атасының қанымен келген тектілікті бойларына жиып, ел ауызында жүрген азаматтар боп өсіп, өніп жатыр. Міне, солардан Әукеңге тұр-тұрпаты, жүріс-тұрысы мен мінез-құлқына дейін ұқсайтын ортаншы

ұлы Ержан мен келіні Рабиға да Әукеңді былай деп еске алады:

«Әкеміз біз үшін ерекше адам еді. Әлі есімде ол кісі қызметте жүргенде шаңырағымыздан кісінің қарасы үзілмейтін. Осы ауданға өзге аудандардан, облыс пен республикадан қандай да бір мейман келсе, біздің үйге түспей кетпейтін. Әсіресе, әдебиет пен өнер майталмандары көп келетін. Солардан, ауданымыздың мақтанышы, әдебиет әлемінің падишасы, бала күнгі досы әрі сыныптасы Асқар Сүлейменов ауылға қыдырып кеп қалса, міндетті түрде біздің үйге түсетін. Әрине, ол тұста Асқар ағаның атағы аспандап тұрған кез, ол кісі келді дегенді естіген аудан жұртшылығы әншейін ғана амандасып, танысуға келіп жататын. Дегенмен, Асекең мінезі сәл серт адам еді, ә, дегенде алдына келген адамға ұлы тілін бір сұғып алатын. Егер, сол емтиханнан өткен ер болса, өле-өлгенше сыйласатын. Алайда, Асқар ағаның әлгіндей шағысынан соң, көп адам дауласып, ақыр соңы жауласып кететін. Осының бәрін білетін менің әкем: «Асекеңнің қолын алып, әңгімесін тыңдайық деп келдік дегендерге бір қарап алып көбісіне: «Бауырым сен ренжіме, Асқардың мінезіне сенің серт мінезің сәйкес келмейді екен. Қазір жоқ жерден бірдеңе айттып, жүрегіңді жаралағанын қаламаймын. Сен ең дұрысы Асқарды сол өзің естіп, кітаптары оқыған, өз қиялыңдағы Сүлейменов ретінде жадыңда сақтап қал!» деп, қайтарып жіберетін. Міне, осы қылығы үшін анамыз Битан ол кісіні әзілдеп: «Жынды Асқар» атайтын. Ал енді, Асқар ағадан бөлек үйімізге созақтық саңлақтардан Тәкен Әлімқұлов, Төлеген Тоқбергенов сынды аз-кеңірек біз қазақтың зиялылары келетін. Тіпті, бірде Мұхтар Әуезовтың ұлы Мұрат аға да мейман болып, аунап-қунап кеткенін білемін. Әрине, мұның барлығы да әуелі әкеміздің абыройының арқасында, кейін, анамыз Битанның қонақжайлылығы менен кішіпейілдігінің арқасы еді. Бір сөзбен айтқанда, әкеміздің бүкіл ғұмыры осылай қадірлі қонақтарды күтіп-шығарып салумен өтіпті ғой. Сонда сол, әлгі созақтық саңлақтар келгенде үй толы адам күндеп, апталап не істейді дейсіз ғой. Етті асып, шайды демдеп қойып, Асқар, Тәкен және Төлеген ағалар секілді әдебиет алыптарының әңгімелерін тыңдап, рухани азық алатын. Тіпті, жазушылықтан дәмесі барлары өздері мотивация алып кететін. Сондай кездері әкеміз бізді көбінесе басқа бөлмеге қамап қоятын немесе ағайын-туыс пен көрші-қолаңның үйіне қондыратын. Әйтпесе, әлгіндей әсерлі әңгімелерді көптеп естіп, бүгіндері естелік жазып отырар ма едік! Бұдан бөлек, әкеміздің ауылдасын, ағайын мен достың мүшкілін шешумен шұғылданытын. Әлі есімде, талай отбасылардың шайқалып, ағайынды адамдардың араздасып кетуінің алдын алғаны бар. Талай жастың араққа, құмарға салынып, теріс жолға түсуінің, тіпті, түрмеге тоғытуының алдын алғаны бар. Сөйтіп жүріп біздерге, әйелі мен балаларына көп уақыт бөле алмады. Алайда, әкеміздің бойындағы адалдық, еңбекқорлық, қарапайымдылық пен кісілік секілді қасиеттер бізді де айналып өтпейті. Бәлкім, бұл да сол Асқар, Тәкен, Төлеген мен Мұрат ағалар секілді әулие адамдардың ықыласы, берген баталарының шарапаты шығар!

Иә, ағайын! Қазақтың бірқатар зиялылары, Созақ жұрты таныған Қарауылдың Ауезханы міне осындай еді. Әрине, менің де Әукең жайлы айтарым көп еді, әттең, газеттің мүмкіндігі осылай болды. Бәлкім келесіде.

Данияр БЕК.

## Асыл азамат өмірден озды



Қазақ жыр өлкесінің майталманы, Созақ өлкесінің дарынды перзенті Нұртай Ерназар бауырымыз ұзаққа созылған науқастан өмірден озды. Нұртай Ерназар 1956 жылы 5 мамырда Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында дүниеге келген. 1981 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін, 1992 жылы аспирантурасын бітірген. Қазақстан Жазушылар одағында, «Жұлдыз», «Ақжелкен», «Маңаңгер» журналдарында, «Жасқазақ» газетінде, «Өнер» баспасында редактор болып қызмет істеген. 1998 жылдан «Шапағат-Нұр» исламтану журналын ашып, Бас редактор қызметін атқарып келген еді. «Төл Арна» баспаханасының директоры болды.

«Қарлығаш», «Тобылғы күзде гүлдейді», «Үзілмейтін ән», «Тоқсан толғау», «Жетінші дауыс», балаларға арнап «Мақтаншақ қаз», «Аңдар жиыны» секілді жыр жинақтарының, екі кітаптан тұратын «25 Пайғамбар», «Дін – ұлт тірегі» секілді діни прозалық кітаптардың авторы атанған азамат. Сондай-ақ «Тәубаға келу жолдары», «Суннаны сақтау қажеттілігі», «Ұлы тұлғалар Ислам жөнінде» секілді діни кітаптарды және шешен, қырғыз, татар ақындарының шығармаларын тәржімалаған. Бір топ әндер мен күйлердің авторы.

Асыл азаматтың жарқын бейнесі теріскей өлкесіндегі жанашыр жандардың жүрегіндегі мәңгілік сақталады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

**М.ТҰРЫСБЕКОВ,  
О.ЖӘМИЕВ,  
Қ.ОРАЗОВ,  
А.САТЫБАЛДЫ,  
А.БАКИРОВ,  
Қ.СПЕНБЕТОВ,  
М.САПАРОВ,  
Ә.ЕЛІБАЕВ.**

## Сенім телефоны

Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған кірістер басқармасы қызметкерлері жайлы 4-12-94, 4-15-60 сенім телефондарына хабарласуға болады.

**Созақ аудандық Мемлекеттік кірістер басқармасы.**

## Дезинфекция туралы не білеміз

Дезинфекция дегеніміз – сыртқы ортада инфекциялық және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын әртүрлі дезинфекциялық препараттарды және құрал-жабдықтарды қолдана отырып жоюға бағытталған шаралар жүйесі. Яғни жұқпалы және паразитарлық аурулардың кең таралып кетуін болдырмау үшін қолданылатын шаралардың бірі. Қолдану мақсатына қарай дезинфекция (залалсыздандыру) екі түрге бөлінеді: сақтық (профилактикалық) залалсыздандыру және ошақтық залалсыздандыру (күнделікті немесе ағымдық және қорытынды). Сақтық (профилактикалық) залалсыздандыру шаралары емдеу-сауықтыру мекемелерінде ауруханаішілік инфекцияның алдын-алу мақсатымен жүргізіледі.

Ошақтық залалсыздандырудың ағымдық түрінде инфекциялық және паразиттік ауру ошағындағы ағымдағы дезинфекциялауды науқасты күтетін адам, реконвалесцент немесе бактерия тасымалдаушы науқасты анықтаған сәттен бастап ауруханаға жатқызылғанға дейін, үйде емдеу кезінде – сауыққанға дейін, реконвалесценттерде және бактерия тасымалдаушыларда – толық санацияға дейін жүргізеді. Жұқпалы және паразитарлық аурулар ошақтарында қорытынды дезинфекция науқас ауруханаға емдеуге жатқызылып, оқшауланғаннан кейін, науқасты бір бөлімшеден екінші бөлімшеге ауыстырғаннан кейін, сондай-ақ науқас қайтыс болған кезден бастап бір тәулік ішінде жүзеге асырылады. Инфекциялық және паразиттік аурулар ошақтарында қорытынды дезинфекция жүргізуге өтінімді телефон арқылы мемлекеттік органның және медициналық ұйымдардың мамандары халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдардың бөлімдеріне (бөлімшелеріне) береді, кейіннен телефонграмманың мазмұнын қайталайтын жазбаша өтінім келесі жұмыс күнінің соңына дейін жіберіледі. Дезинфекция шарасымеханикалық, физикалық және химиялық әдістермен жүргізіледі. Дезинфекцияның механикалық әдістері, оған жата-тындар: Бөлме ішіндегі жиһазды жуу, киімді, төсек орынды, төсек заттарын қағу. Шаңсорғыш көмегімен бөлмелерді шаңнан тазарту, желдтеу, кір жуу, ылғалды жинау, қолды жуу.

Дезинфекцияның физикалық (термиялық) әдістеріне жататындар: Күн сәулесін қолдану, бөлмедегі ауаны және бөлмені ультра күлгінмен сәулелендіру, ыстық үтікпен үтіктеу, күйдіру, қыздыру, бағалы емес заттарды, қалдықтарды, қоқысты өртеу, қайнаған сумен өңдеу немесе қайнату, пастеризациялау.

Химиялық залалсыздандыруда қышқылдар мен сілтілер, құрамында хлоры бар препараттар, формалин, фенол препараттары, тотықтырғыштар, т.б. қолданылады. Химиялық залалсыздандыру суландыру, сүрту, толық батыру, шашырату әдістемелерімен жүргізіледі.

**М.ӘШІРЕПИЕВ,  
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.**

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық-заманмен бірге өсіп-өркендеп, бүгінге дейін жойылмай отырған дерттің бірі. Республика Президенті Қ.Тоқаев өзінің жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретін-

ларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни, пара беру де, пара алу да-қылмыс екендігін қоғамдық санаға қалыптастыру қажет. Парақорлық мемлекеттің қалыпты қызмет етуіне бөгет болып,

заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті» деп көрсетілген. Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, ол жалпы қоғамның психикасына тереңнен бай-

## Жемқорлықпен күрес-баршамызға ортақ іс

де сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне қатысты екендігін, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдай-

билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, халықтың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында: «Сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау,

ланғанқылмыс түрі. Онымен күресу оңай шаруа емес. Сонда да болсын, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген дана халық емеспіз бе? Бәріміз бір кісідей өз ісімізге және айналадағыларымызға адал болып, қанағат пен парасат биігінен көріне білейік.

**Жанболат ШАБАХОВ,  
Созақ аудандық Мемлекеттік кірістер басқармасының жетекші маманы.**

## Дертпен дербес күресеміз

Барлық елдердің әлеуметтік және экономикалық дамуына жемқорлықтың кері әсерін тигізетін сөзсіз. Әсіресе бұл дерт мемлекеттік органдардағы қызметкерлердің тазалығына күмән туғызып, беделіне нұқсан келтіреді. Ел үшін де қоғам үшін де аса қауіпті бұл көріністермен ымырасыз күрес жалғасып келеді. Сондықтан да адамдардың конституциялық құқықтары мен заңдылық принциптерінің сақталуына ерекше маңыз беріледі. Сыбайлас жемқорлық негізінен, лауазымды тұлғаның биліктегі өкілеттігін, өзіне жүктелген құқықты жеке пайдасы үшін пайдалануынан, қызмет ережесіне қарсы әрекет жасауынан туындайтыны белгілі. Кейде оның ұйымдасқан қылмысқа ұласып жататыны

да кездеседі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті табысты жүргізу үшін бұл қылмыстың мәні мен түрін теория бойынша анықтау мәселесінде тиісті заң ережелерін оқып, үйреніп қана қоймай, өзара талқылаудан өткізіп отыру керек. Бұл орайда, әрине, қылмыстардың жасалуына көмекші болған жағдайлар мен оның себептерін ашу – аса маңызды. Сыбайлас жемқорлықпен осылайша сауатты әрі тиянақты күрескенде ғана қоғамдағы келеңсіздіктерден арыла аламыз.

**К.КУЛУМБАЕВ,  
Созақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығы, майор.**

## Сыбайластықтың зауалынан сақтан

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың біріңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын оның басымдықтарын іс жүзіне асыру үшін жасалған.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететін сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі. Қазақстан

Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, мемлекеттік қызмет туралы заңдылық талаптарын іс жүзіне асыру мемлекеттік қызметкерлердің тәртібін нығайтуға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес науқандық жұмыс емес. «Жемқорлық-індет, оны жою міндет», демекші, жемқорлыққа қарсы күрес қоғамымызда бір сәт те таластамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем буып білек сыбана араласу қажет. Біздің

міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

**Біржан АЛШЫНБЕКОВ,  
Созақ аудандық статистика басқармасының жетекші маманы.**

## Орман өртіне жол бермейік!

Орман өрттері құрғақ ауа райы мен жел кездерінде айтарлықтай үлкен территорияға таралып кетеді. Ыстық ауа райы кездерінде, егер жауын шашын болмаса ормандар құрғап, кез – келген абайсыз жанған оттың әсерінен өрт тез таралып кетуі мүмкін. Өрттің қай жерден және қашан шығуын болжау мүмкін емес.

Өрт тілсіз жау. Біздің жеріміздің шөбі қалың, ауаның құрғақтығынан өрт тез таралады. Орманда сөнбеген шырпыны, темекі қалдығын тағы басқа тез тұтанатын заттарды тастауға болмайды. Ауылдан шығарған күл-қоқыстарды ормандардың жанына апарып өртеуге болмайды.

Орман өртінің пайда болуына көбіне адам-

дар кінәлі. Ол көбіне орманда өртке қарсы ережелерді білмеуінен немесе білсе де өртке қарсы ережелерді сақтамауынан, орманға келіп демалушылардан өшірілмей қалған от алаулары, сөндірілмеген темекі қалдығынан болады. Осының салдарынан құрап тұрған шөп тұтанып, үлкен өртке айналады. Егер орманшылар немесе өрт сөндірушілер тез шара қолданып, өшірмесе біраз орман жерін алып кету қаупі бар.

Сондықтан әрқайсысымыз өрт қауіпсіздігін сақтап, сөндірілмеген темекі қалдығын, жағылған сіріңкені тастамай, от алауын өшіріп, отырған жерімізді тазалап, орман өртіне жол бермей, өрттен қорғап жүрейік, ағайын!

**Бақтияр КУНЕКБАЕВ,  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орманшысы.**

Туған Отанына оралған күннен бастап олардың азан шақырып қойған есімі ұмытылып кетті. Жаңаша «оралман» деген атау да пайда болды. Сол «оралмандардың» біршамасы саналатын, біздің ауылға келген ағайындар да «қытайлық» атанды. Сол «қытайлықтардың» ішінде Төлеухан мен ұлы Саюзбекте бар. Егістің басына қарауыл керек болса Төлеухан, малға жәрдемші керек болса Төлеухан, қоғамға аспаз керек болса Төлеухан, сақманшылыққа адам керек болса Төлеухан, Төлеуханның жалғыз ұлы Саюзбек денсаулығы жоқ. Бала жастан жарымжан. Анда-санда құлап қалатыны бар. Ертеректе малда жүріп Төлеухан аттан құлап екі қолын мертіктіріп алған екен. Екі қолының басы шом болып бітіп, тірлікке қиындық туды. Нәйеті ұнды ашытып нан пісірудің өзі мұңға айналды. Саюзбек болса да науқас. Науқас болса да ертелі кеш жұмыстан қалмайды. Еңбекқор. Алғаш Қытайдан көшіп келгенде мал баққан аумақтағы пайдаланған артезианын ауыл малшы-



# «Төлеуханның артезианы»

лары «Төлеуханның артезианы» деп атап кетті. –Совхоз көлемінде қаншама озат шопандар, ферма басшылары, бұрын-соңды сол артезианда 20-30 жыл отырған шопандардың есімі аталмай, айналдасы 2-3 жыл отырған, жәрдемші шопан Төлеуханның есімімен аталуы қалай? –деп бас шайқағандар болды. Соны Төлеухан жұрттан әдейілеп сұрап алып па? Сенің сол сонау жапан түздегі қораң Төлеуханға керек еді?!

Басында баспанасы жоқ, есігінің алдында тышқақ лағы жоқ. Жем сақтайтын қойманың жапсарлас екі бөлмесінде тұрып жатқандарына екі-үш жыл болды. Не ұжымның есебінде жоқ, не мүгедектікке ілінбеген. Бұл дүниеде Төлеухан мен Саюзбектің бар жоғынан совхоз басшылығы түгілі, құдайдың өзі хабарсыз сияқты. Ауыл ішінде барлық үйде электр жарығы, тек Төлеуханның үйінде жоқ. Шынысы қамырмен жамалған, тазалайтын болса сынып, шашырап кетуге дайын тұрған қара-ала ыс басқан шамның әлсіз жарығымен отырады. Азықтары қысы-жазы қара нан мен шөй ғана. Шынында оларды ешкім іздемейтін. Ол уақытта садақа, жеті нан, құдайы, зекет, сауапты іс, қайырымдылық шарасы деген атымен жоқ-ау.

Ол байғұстар арыз жазу, талап ету, үкіметтен бір нәрсе сұрау дегенді білмей өтті. Барға қанағат, жоққа еті үйренген, содан болар ешнәрсе тіленбей өтті. Әйтеуір екі жарты бір бүтін болып, септесіп, күн көрер, бір уақ шүйіркелесіп отыратын шығар деп ойлайсың. Қайдағы шүйіркелескен Төлеухан да үн жоқ. Кеш түсе шай ішіп бола салысымен теріс қарап, үстіне ілінген жауып жата кететін де таң алакеуімнен тұрып алады. Жар қызығы, отбасы, әйел деген ұғымның Төлеуханның жүрегінде өшкелі

қашан.

Өз басым Төлеуханның адам болып ән айтқанын, ашылып әңгіме айтып сөйлескенін естімеппін.

Саюзбекті ауру дегендігі «түкке жарамайды» деген сөз емес. Ол да сол көктем шыға ферманың шөбіне сақманы, күзде жиым-теріміне барады, қыста шөп майдалау агрегатында істейді. Екеуі де қарап отырмайды. Тапқан табыстары мардымсыз. Әйтеуір ел қатарлы күн кешіп ақ жатыр. Кешкісі ана мен бала екеуі үнсіз ғана екеуден екеу отырып шайларын ішіп, жата қалады. Не теледидар, не радио, не газет-журнал жоқ. Газет-журнал болған күнде екеуі де хат танымайды. Саюзбек деп есімін қойғанына қарағанда бері қарай өтуге ниеттеніп жүрді ме? Әлде жұмақтың бәрі туған отанында, кешегі алпауыт Союзда деп ойлады ма екен? Армандап, аңсап келгендегі Союзымынау болды. Бірлі-жарым ауыл адамдары бас қосып қалғанда, «Сендер білмейсіндер ғой, Төлеуханның бір атары бар. Ол ашылып бір сөйлей қалса, кез-келгенінді сөзден жеңіп шығады. Тілі тас кеседі. Мақалдатып, өлеңдетіп сөйлегенде аузың ашылып, көзің жұмылады» дейді. Бірақ Төлеуханның ашылып сөйлейтін сәтіне кез болмаппын.

Олардың «ең бастысы отанымызға келдік. Әркімнің есігінде жалшы болсақ та, ата-бабамыз арман етіп, бір уыс топырағына зар болып кеткен қазақ жеріне келдік. Алматысы не, Созағы не? Екеуі де біз үшін қазақ жері. Бізге осыдан өзге бақыт пен байлықтың, жұбаныш пен қуаныштың, шаттық пен шарапаттың керегі жоқ. Ең бастысы бабамның кіндік қаны тамған туған топырақта жүрмін!» деген ойды аңғарғандай болдым. Олардың осы өмірлеріне риза екендіктерін еңбекқорлығынан, төзімділігі мен

сабырлығынан, қуаттылығы мен жігерлілігін сезінгендеймін.

Бүгінде Төлеухан да, оның ұлы Саюзбекте жоқ. Ауылда Әшір деген ағамыз көршісі болды. Сол кісі көп көмектесіпті. Кейін Семейге кететін болып сол Әшір ағамыз көшіріп апарып келіпті. Барып ағайындарына қосып бір күн демалып қоштасарда Саюзбек Әшір ағамды құшақтап өкіріп жылап жіберіпті. Ағамыз да қосылып жылапты. Әшір ағамыз да бүгінде арамызда жоқ. Анда-санда ауылдың төменгі жағында солар тұрған, қазіргі күйі қирандыға айналған қараша үйді көргенде ғана екеуі еріксіз есіңе түседі.

Өткен жолы бір шаруа жігіттер өздерінің шаруашылықтары жөнінде әңгімелесіп отырып, сөз арасында «Төлеуханның артезианы» деп айтып қалды.

–Ойпырмай ата жұртын аңсап келіп құл мен күннің күйін кешкен екі мұңлықтың қилы да қиын тағдыры тағы көз алдыма келді. Үстінде солдат шинелі, басында жылма-жылмасы шыққан құлақшын. Ауылдың кішкентай балалары «Союз жынды, Союз жынды» деп мазақтап артынан жүгіретін. Бұрылып тоқтай қалса, тым тырақай қаша жөнеледі. Бірақ ашуланып кектеніп тұра жүгіріп жатқан Саюзбек жоқ. Мазаққа да әбден еті үйренген сияқты. Ішкілік пен шылымға құлқы жоқ. Саюзбектің аяғында қысы-жазы керзі етік. Шілденің ми қайнатар ыстығында аяғындағы керзі етігін шешпейді. Сол уақытта монша деген сирек. Ауылға айна бір рет жылжымалы монша машинасы келетін. Соған түседі. Төлеухан мен Саюзбек үйіне шомылады ма әлгі моншаға келмейтін. Қайсыбір монша дейсің суы салқын, іші қоңырсалқын көліктің ішінен жұрт дірдеп атып шығатын. Кейін ауылдың төменгі

жағынан бір бөлмелі тауық кепе іспетті монша салды. Іші көк түтін жұрттың алды кезек күтіп әзер түсіп шығатын. Сол моншаға Төлеуханның үйі жақын тұрды. Бірақ солардың моншаға келіп түскенін көрмеппін. Сол уақытта, яғни 1960 жылдары қытайдан Шаға ауылына Әбді, Манап, Бөртіке деген қандастарымыз көшіп келді. Олар келе салысымен ауылдағылардың біреуіне өкіл іні, біреуіне өкіл аға болып сіңісіп кетті. Ауыл жұрты бір-бір малдан беріп, алдыларына салып берді. Кейін бір-бір отар қой алып совхоздың мал шаруашылығын өркендетуге атсалысты.

Тәуелсіздік келіп, егемендік орнаған соң сол кісілердің ұрпақтары ағайын-туыстарын іздеп Алматы облысына көшіп кетті. Сөйтсек, ағайын-туыстары сол жақта екен. Өздері бұрыннан хат хабар алысып тұрса керек. Бірақ солардан жырақтап, жылы орнын суытпай көшпей қалған осы Төлеухан мен ұлы Саюзбек ғана еді. Мүмкін ол жақта іздеушісі болмады ма білмедім. Қара суы мен қара шай ішсек те осы елдің ішінде қаламыз деп өздері ұйғарса керек. Қаншама жылдар өтті. Бірақ сол қандастарымыздың кескін-келбеті, көз жанары, туған жерге деген шынайы махаббаты әлі күнге дейін көз алдыма.

Шындығында бірге туған қандасымызды анаусың, мынауың деп бөле жаратын ештеңесі жоқ.

Сен оралман емессің бауырымсың,

Тағдырыңның жеңгенсің ауыр қысын.

Сен оралман емессің орманымсың,

Ашылмаған құпия толған іші,-демекші барымызды барынша бауырымызға тартайық!

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Директордың міндетін уақытша атқарушы: Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы**

**Бас редактор: Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы**  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер:  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайншы-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терімші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**  
Фототілші-  
**Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3500 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.